


1 2008
795к

СПОРТ
САҢЛАҚТАРЫ



Төлеген
ЖӘКІТАЙҰЛЫ

К Е Р Е Й





**СПОРТ
САҢЛАҚТАРЫ**

**Төлеген
ЖӘКІТАЙҰЛЫ**

К Е Р Е Й

(сұхбат - хикаят)



“Ер-Дәулет”
Астана
2007

ББК 75. 715

Ж 36

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Жәкітайұлы Т.

Ж 36

Керей. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. - 168 бет + 8 бет жапсырма.

ISBN 9965-436-42-8

Бұл кітапқа самбо күресінен Қазақстан ұлттық құрама командасының 1992 жылдан бергі бас бапкері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Керей Қойшыбектің балуандық өнер, бапкерлік білік, самбо күресінің тарихы, қазақ спортының өткені мен бүгіні, жетістігі мен кемшілігі жайлы көңіліне түйген жеке ойлары, пікірлері арқау болған.

Кітап қалың оқырманға арналған.

4204000000

Ж----- хабарландырылған – 2007

ББК 75. 715

00(05)-07

ISBN 9965-436-42-8

© Жәкітайұлы Т. 2007

© “Ер-Дәулет”, 2007

Керей ҚОЙШЫБЕК – 1992 жылдан Қазақстанның самбо құрамасының бас бапкері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО спорт шебері.

Ардагерлер арасында әлемнің екі дүркін чемпионы (2006-2007).

Сегіз жыл қатарынан Азия төрешілер комиссиясының төрағасы болды.

К.ҚОЙШЫБЕК баптаған ұлттық құрама самбошылары 1992 жылы командалық есепте Әлем кубогін жеңіп алды, осы бәсекеде бірнеше рет жүлдегер атанды.

Қазақ самбошылары әлем чемпионатында екі мәрте командалық екінші орынға ие болса, бірнеше рет командалық үшінші орынға табан тіреді.

Қазақ елінің самбо құрамасы Азия чемпионаттарында үш рет командалық бас бәйгенің иесі атанды.

Керей ҚОЙШЫБЕКТИҢ бас бапкерлігі тұсында Бауыржан Садықанов, Қоныс Жетпісов және Асхат Шахаровтар (үш мәрте әлем чемпионы) ересектер арасында әлем чемпионы атағына қол жеткізді.

САМБОНЫҢ САҢЛАҚ БАПКЕРІ

(Алғы сөз орнына)

«Самбо – Олимпиадалық спорт түрі емес.» Кезінде КСРО бойынша беделі ең жоғары болған самбо күресінің бағасын түсірген, бәсін төмендеткен міне осы сөз. Дәл осы сөз жоғары жақтан жиі айтылғалы қазақ самбосы шідерлі аттың күйін кеше бастады. Күрестің ең басты қорек көзі қаржыдан қағажу көрді. Ал, қаржы жеткіліксіз болса балуанның бабы келісіп, бапкердің көңілі орнықты болар ма?..

Бір ғажабы, біздегі басқа спорт түрлеріне қарағанда Қазақ Елі Тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде дүниежүзілік дүбірлі додаларда көк байрағымызды ең көп көтерген тек самбошы бауырларымыз екен. Өткенге тым тереңдемей-ақ, көктей шола қарасақ та, осы спорт түрінен еңсеміздің үнемі жоғары болғаны айқын аңғарылады.

Шындығында, самбоның бар міні – Олимпиадалық ойындар қатарына енбегені. Болмаса, бұл күрес түрінен бәсеке аз емес. Жұмыр жер көз тіккен әлем чемпионаты, Азия чемпионаты мен Әлем Кубогі кезең-кезеңімен сарапқа салынып жатады. Егер салыстырар болсақ, олжа жөнінен еліміздегі барлық спорт түрлері ішінен жалғыз самбоның мойны озық. Неге десеңіз, қазақтың өндірдей ұл-қыздарын әлем чемпионы мен Азия жеңімпазы атандыруда самбо мамандары өзгелерден көш ілгері тұр. Қазақ жерінде қанат жаюы XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастау алатын самбо тарихына

есімдерін алтын әріппен жазып кеткен балуандарымыз қатары аз емес. 1977 жылы КСРО чемпионатында күміс жүлдені жеңіп алған Алмас Мұсабеков самбодағы қалың қазақ балуанына жол ашты. Нұрбай Жармұхамедов, ағайынды Қанат, Талғат, Байшолақовтар, Айтжан Шаңғараев, Асқар Шайхиев, Мәден Қалиев КСРО көлеміндегі бәсекеде топ жарып, халқына әлемдік доданың жүлделерін тарту ете бастады. Бұлардың соңынан Айбатыр Махмұтов, Сәлкен Жартыбаев, Самат Рамазанов, Жанат Байшолақов, Ғалымжан Сапарғалиев, Қорған Тұрымбетов, Зекен Шәймерденов, Бауыржан Садықанов, Бейбіт Несіпқалиев, Руслан Сейілханов, Ерлан Тәжіков, Қайрат Күнсафин, Қуаныш Салықбай, Темір Оңдағанов, Айдар Нығметов, Қоныс Жетпісов, Абзал Ерғожаев, Ерболат Байбатыров, Қажымұқан Шалтықов, Әлкей Асылбек, Мұрат Кентонов сынды қазақ батырлары әлем чемпионаты мен Азия бәсекелерінде көп жыл қарсылас шыдатпай тұрды. Самбодан Асхат Шахаров бауырымыз әлемнің үш дүркін чемпионы атанды. Асхат үш дүркін әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ. Қоныс Жетпісов те әлем чемпиондығы мен Әлем кубогінің жеңімпазы атағын қатар ұстаған саңлақ. Ал, Орынбасар Құралбай Азия чемпионатын үш дүркін ұтып, осы салада тұңғыштар көшін бастады.

Самбода «Харлампиев атындағы турнир» спортшылар арасында «кіші әлем чемпионаты» деп аталады. Бұл турнирдің бас тұғырына көтерілгендер санаулы ғана. Сонау жылдары Фархад Әбдәлімов, Қоныс Жетпісовтерден соң араға жеті жыл салып барып Алмас Сүлейменов қана Харлампиев турнирінің жеңімпазы атанды.

Балуан қыздарымыз да самбо күресінде аз емес. Сәуле Ғабдуллина, Айсара Керімбекова, Алмагүл Кашина, Жамал Бозова, Динара Оразбекова, Жанар

Қасенова, Динара Жәкежанова, Раушан Алпысбаева және тағы басқа балуан қыздарымыз боз кілемде олжа салып, ұлт мерейін көтерді. Қуана айтатын бір жағдай, самбо күресі бойынша қазір Азия чемпионы атанған бауырларымыздың санынан жаңылатын болдық. Бірер жыл бұрын қатарынан жеті балуанның Азия чемпионатының жеңімпазы атанғаны есімізде. Командалық есепте қазақ балуандары үш дүркін Азия чемпиондары атанып, ел мерейін тасытты. Бұл аз десеңіз, 1992 жылы Қазақстан самбо құрама командасы Әлем кубогін олжалады. Ал, 1995, 2002, 2006 жылдары Әлем кубогінде үшінші орын, 2000, 2005 жылдары әлем чемпионатында командалық екінші орынды иеленді.

Олимпиадалық емес спорт түрі болғандықтан самбо күресі сонда да шеткакпай көрумен келеді. Басқа спорт түрлеріне карағанда самбоға бөлінер қаржы мардымсыз. Оқу-жаттығу жиынын, жарыс өткізу, жарысқа бару үшін самбошылар көбінесе өздері табандарынан таусылып жүріп қаражат тауып, содан соң ғана күрес кілеміне ұмтылады. Басқасы басқа, әлем чемпионатының, Азия чемпионатының жолдамасын талассыз ұтып тұрып, қаржының жоқтығынан сол айтулы бәсекеге бара алмай пұшайман болған самбошы бауырларымыз қаншама десеңізші. Ал, кезінде өзімен тіресуге жарамаған, бірақ қаржысы бар өзге біреудің жолы болып, дүбірлі доданың жеңімпазы атанып оралғанын көру, әлгі жарысқа бара алмаған балуан үшін бірте-бірте күрестен көңілі қалар үлкен соққы екені тағы анық жайт. Біле білсек, бірнеше дүркін әлемнің, Азияның чемпионы атануға мүмкіндігі болған дарынды балуандарымыздың самбо кілемінен тым ерте кетулеріне осы келеңсіз жағдайдың басты себепкер екендігі талассыз шындық.

Міне, біздің кейіпкеріміз, Қазақ елінің самбодан ұлттық құрама командасының бас бапкері Керей

Қойшыбек күрделі проблемасы күресінен екі есе басым осы спорт түрінің көшін бастап келеді. Керей ағамыз бас құраманың тізгінін 1992 жылы қолға алды. Содан бері өткен табаны күректей он бес жыл ішінде Кер-аға бастаған көш үнемі топтың алдында. Аз да болса жеткен жетістіктері жөнінде жоғарыда айтып өттік. Бұл біздің шет жағалап білетініміз ғана, ал, білмейтініміз бұдан жүз есе көп қой. Оны білікті бапкердің өзінен басқа жақсы білер жан бар ма?!

Әрине, біздің ел бүтін өмірін спортқа арнаған майталман бапкерден кенде емес. Десек те, табан аудармастан 15 жыл ұлттық құрама команданың бас бапкері болып, Азия, әлем чемпионаттарының алтын тұғырына қазақ жастарын бірінен соң бірін шығарған бапкер некен-саяқ. Қырықтың қырқасынан асқанда самбо құрамасының бас бапкерлігіне бел буып кіріскен Керей Қойшыбек бұл күнде алпыстың асқарында. Қазақ «алпыста адам ал бөрі» дейді. Осы даналықты негізге алсақ, Кер-ағамызды дәл қазір самбоньң көкжал бөрісі десек жарасар еді. Бұл асыра мақтау емес. Мына қараңыз, бас бапкер жыл он екі айдың сегіз айдан астамын сыртта өткізеді екен. Сонда Алматыдағы қарашаңырағында төрт-айға жетер-жетпес уақыт үзіп-жұлып қана болады деген сөз. Бұл және тұтас он бес жыл осылай. Оқу-жаттығу жиынын, кезекті жарысты, күнделікті жаттығуды өмірдің өзге тірлігіне айырбастау, соларды сылтау қылып самбодан шет қалу ол кісінің ақылына сыймайды. Бәз-біреулердің жеке шаруасын алға тартып, жоспарлы жұмыстың бел ортасында сұранып жататынына төзбейтіні де сол.

Бас бапкердің Алматыда жүрсе де, сырт жерде болса да құрама команданы құр бақылап, жайбарақат жүрмейтіні анық. Бозала таңнан ұзақ қашықтықтарға шәкірттерімен бірге күнде жүгіру, одан тепсе темір

үзетін атан жілік балуандармен күн сайын кемінде екі мәрте боз кілемде қара терге малшынып алысу, күрес әдістерін жетілдіру, әрқайсысының межелі бабын мөлшерлеу. Одан қалды, алдағы оқу-жаттығу жиындары мен бірінен соң бірі менмұндалап тұрған жарыстарды сараптау, арнайы жоспар жүргізу. Түн ортасы ауғанша үстел басына байланып, күндізгі ойға түйген, жадында жүрген дүниелерді қағазға түсіру, әр балуанның күнделікті көрсеткішін белгілеу. Оның сыртында командадағы жиырмадан астам жігіттің қабілет-қарымы, болмыс-бітімі, мінез-құлқы, күресіндегі артықшылығы мен кемшілігі бас бапкердің зердесінде алақанындағыдай сайрап тұратыны тағы бар.

Ертеңгі әлемдік жарыста қай салмақтағы шәкіртінің алдынан қандай мықты қарсылас шығуы мүмкін, оның осал тұсы қай жерінде? Содан бас бапкер өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізе бастайды. Кер-ағаның 2003 жылы Мәскеудегі денешынықтыру университеті базасындағы спорттық білімді жетілдіру курсына оқып бітіруі тегіннен тегін емес. Біле білсеңіз, Керей Қойшыбек соңғы 15 жылда сол университет курсына қазақ жаттықтырушылары арасынан оқып бітірген бірінші бапкер екен. Жолы түскен сайын Мәскеудің кітапханасы мен мұрағатының табалдырығын аттамай кетпейтін жалғыз бапкер де Керей Қойшыбек десек, оқырманымыз күмәндана қоймас. Себебі, сұхбат барысында кейіпкеріміз өзінің мұндай «оғаштау шаруаларының» мән-жайын кеңірек әңгімелеп өтеді. Міне, қазақ самбошыларының он бес жыл бойы Азияда өткен бәсекелердің алдыңғы легінен, әлемдік додалардың кеуде тұсынан төмендемеуі ең алдымен бас бапкердің осындай жанкешті еңбегі пен біліктілігінің нәтижесі.

Бас бапкер ұзақ жылдар аралығында әлем мойындаған сандаған саңлақтардың ұстазы атанды. Сегіз жыл қатарынан Орта Азия төрешілер кеңесінің басшысы болды. Еңбегі ел алдында даусыз, күмәнсіз еді. Сірә, өзінің мықты бапкер ғана емес, мықты балуан екендігін нақты дәлелдеп шығу туралы ішкі ойына нықтап табан тіресе керек, Керей Қойшыбек ағамыз алпысқа қараған шағында әлем чемпионатының боз кілемінде үш жыл қатарынан бақ сынап, алғашқы жылы күміс медалді, ал, 2006 жылы және 2007 жылы алтын медалді жеңіп алды. Сөйтіп, Кер-ағамыз 62 келі салмақта ардагерлер арасында екі дүркін әлем чемпионы атанды. Біз білетінде, қазақ бапкерлері арасында алпысында әлемдік додаға тайсалмай түсіп, алтын жүлдені екі мәрте олжалап шыққан Керей Қойшыбектен өзге есім жоқ. Кейіпкерімізді қазақ самбосының саңлағына да, күрестің көкжал бөрісіне де теңеуіміздің себебі оқырманьмызға енді ғана аздап шаң беріп қалды-ау деген ойдамыз. Ал, бас бапкерге деген әділ баға бұл кітапты тұтас оқып шыққанда ғана берілсе керек...

КҮРЕСТІҢ ТӨРЕСІ – САМБО

– Кер-аға, бұл сұхбаттың тұтас бір кітаптың жүзгі боларлық көлемде жүргізілерін алдын ала айтып өттік қой. Еліміздегі есімі әйгілі бапкерлердің арасынан таңдау Сізге түсті. Сараптаудың оңай болмағанын айтуға тиіспіз. Қазақтың атақты бапкерлері Аллаға шүкір, аз емес. Бәрі де топтан қара үзген ақтангер азаматтар. Бұйыртса, кезі келгенде өзге бапкерлер туралы да қалам тербелері сөзсіз. Басқа саланы былай қойғанда, самбоның өзінде әйгілі бапкер самсап тұр. Қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы, Еуропа жеңімпазы Қанат Байшолақов пен Еуропа, КСРО чемпионы Алмас Мұсабеков бастаған әйгілі саңлақтар ұстаханасының көрігін қыздырған, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Марат Жақитов, жаңарқалық қалың самбошының ұстазы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Диқанбай Биткөзов, тіпті самбодан тұңғыш Еуропа чемпионы атанған Айтжан Шаңғараев, сондай-ақ Бостан Жаңбырбаев, Мәден Қалиев сынды әйгілі самбошылардың бапкері болған, КСРО мен Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, қазіргі ҚР Спорт министрі Темірхан Досмұхамбетов ағаларымыз өз тұсында өлшеусіз тер төкті. Сонда да, бұл ретте Сіз көш бастағалы отырсыз. Яғни, алаштың ардагер бапкерлері туралы жазылар болашақ кітаптардың алғашқысы өзіңізге арналмақ. Себебі, барша бапкердің жанкешті еңбегінің нәтижелерін жан-жақты салмақтай келгенде таразы басын Керей Қойшыбек есімі аударып әкетті.

Сіз табаны күректей жиырма бес жыл балуан баптапсыз. Самбодан Қазақстан ұлттық құрама командасының бас бапкері болғаныңызға он бес жыл. Өзгесінайтпағанда, осы күнге дейін отыздан астам Азия чемпиондары мен осы саннан екі есе көп жүлдегерлер, әлденеше әлем чемпионатының жеңімпаздарын, Әлем Кубогінің иегерлерін дайындап шығардыңыз. Қала берді, өзіңіз де 2006 және 2007 жылдары ардагерлер арасында екі дүркін әлем чемпионы атандыңыз. Тұтас ғұмырыңыз талайға тәлім боларлық. Сондықтан қойылар сауал сан қилы. Баршаның құмарта қызығары сіздің бапкерлік біліктілігіңіз. Біреулер біле жүрсек дейді, ізбасар бапкерлер болса, тәлім алудан үмітті. Әрине, өмір жолыңыз, басқа да ой-толғамдарыңыз, пікір-ұсыныстарыңыз қалтарыста қала қоймас. Дегенмен, әңгімеміздің негізгі өзегі бапкерлік кәсіп төңірегінде өрбісе деген тілек бар.

– Жөн-ақ. Осы күнге дейін орынды тілекті жерде қалдырмауды ұстанғандардың бірі едік, шамамыз келгенінше орындап көрелік. Бірақ, артық мақтаудан, жөнсіз суреттеуден аулақ болсақ. Әңгіме өзегі ұлттық намыстан, ел мүддесінен нәр алса, болашақ кітаптың бауырларға пайдасы тисе, ой қозғаса деген тілегім бар. Негізінде мен өмір бойы боз кілемнің төңірегінен ұзамаған, кейін бапкерліктен өзгеге мойын бұрмаған адаммын. Қызықсам спортқа қызығып, күйінсем спорттың проблемасына күйініп, жүйке жұқартамын. Жұбанышым мен алданышым самбо ғана десем, сенесің бе? Сондықтан бұл тілегің менің оң жамбасыма келіп-ақ тұр.

– Олай болса, самбо күресінің қалыптасу кезеңін, елімізде өркен жайған жылдарын еске түсіріп, оқырманға ең алдымен осы саланың тарихынан аз да болса әңгімелеп өтсеңіз. Басқасы басқа, ал самбоның

кешегісі мен бүгінгісін сіздің бұге-шігесіне дейін анық білетініңізге еш шүбәміз жоқ.

– Біле-білгенге самбо тарихы тереңдете айтсақ, талай деректі қажет ететін ұзақ әңгіме, ал, қысқа айтсақ төмендегідей. Бұл самбо Кеңес одағы тұсында қалыптасып, дамыған спорт түрінің бірі ғой. Дәлірегі, бұл күрестің негізін жапонның әйгілі «Кодаканында» тәлім алып, дүние жүзіндегі көптеген халықтардың күрес өнерін жете зерттеп, жүйелеп, қазіргі самбоньң іргетасын қалаған Василий Ощепков. Оның шәкірттерінің бірі, орыстың белгілі жекпе-жек шебері Анатолий Харлампиев бұл істі қажымай-талмай жалғастырып, соның нәтижесінде өмірге самбо атты ғажап күрес келді. Самбо дегеніңіз, «Самооборона безоружия», яғни, кісінің карусыз қорғануы деген сөздің қысқартылған түрі. Кезінде КСРО бауырында болған он бес республикадағы көп халықтың ұлттық күрес түрлері тыңғылықты зерттеліп, ең ұтымдылары осы самбоньң ережесіне енгізілген. Қазақша күрестегі тобықтан қағу, қырқа шалу, жамбасқа салу, іштен шалу сияқты әдістер – қазір самбодағы ең көп қолданылатын нәтижелі әдістер. Мұның арғы түбінде жапонның дзюдосы да жоқ емес. «Біздің күрес» деп жапондар күні бүгінге дейін дау айтады. Назарларынан тыс қалдырмай, жыл сайын самбоньң өрісін қадағалап, зерттеп отыратыны бар. Бірақ, қалай десек те, самбоньң негізін қалауда А.Харлампиевтің кеңес дәуіріндегі еңбегі еңбек-ақ. Сондықтан Харлампиевті еске түсіруге арналған, самбодан жыл сайын тұрақты өткізілетін халықаралық турнирдің беделі қазір өте зор. Бұл турнир «кіші әлем чемпионаты» деп те аталады. Кеңес одағы тұсында сол кезеңнің ең үлкен жетістігі ретінде «ВДНХ-ның» (Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі – Т.Ж.) төрінде самбо күрешесі ілулі тұратын.

Самбо ең алдымен одақ көлемінде қалыптасты деп айтып өттік қой. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары осы күрес түрін өркендету нақты қолға алынды. Ал, дүние жүзінің самбоны ресми мойындауы – 1966 жыл. АҚШ-тың Толидо қаласында өткен Халықаралық күрес федерациясының конгресінде самбо күресінен ресми жарыстар өткізу туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, 1967 жылы самбодан тұңғыш рет халықаралық бәсеке ұйымдастырылып, онда КСРО бастап, Югославия, моңғол, жапон, болгар балуандары күш сынасты. Осы бәсекеден кейін араға алты жыл салып барып, 1973 жылы самбодан алғашқы әлем чемпионаты Иран елінде өз жалауын көтерді. Тегранда өткен бұл чемпионатқа әлемнің 11 мемлекетінің балуандары қатысты. Бірақ, бұл алғашқы әлем чемпионатының бас бәйгесін түгелге жуық КСРО балуандары сыпырып әкетті. Олар он салмақ дәрежесінің тоғызында алтын жүлдені иемденді. Өкінішке қарай, кейін самбо «ФИЛА-дан» (Бүкілдүниежүзілік әуесқой күрес ассоциациясы) жеке федерация болып, бөлек шықты. Одан тағы да бірнеше рет бөлінді. Міне, соның бәрі самбоның Олимпиадалық ойын түрлері қатарына енуіне басты кедергі болды. Бұл жайлы әңгімені ұзақ айтуға болады.

Біздің елде самбо ХХ ғасырдың 50-60 жылдары кең тарала бастады. Бұл саланың кең қанат жаюына республикалық «Динамо» спорт қоғамының сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Алпысыншы жылдары самбоның жалына қол артқан қазақ жастарының шоғыры қалың еді. Көзге түскен мықты балуандар аз болған жоқ. Қазақтан шыққан тұңғыш спорт шебері Шайсұлтан Шаяхметов студент кезінде, Марат Имашев әскер қатарында жүргенде Мәскеуде спорт шебері нормативін орындаған. Мәжит Есенбаев жасөспірімдер арасында КСРО чемпионы болған (1966 жылы) тұңғыш қазақ.

Бірақ, самбоға ден қойған қазақ жастарының шоғыры қалың болса да, үздік шыққандар қатары сол жылдары неге аз болды? Себебі, төмендегідей. Ол тұста қазақ жастарының көбі самбомен әскер қатарында жүргенде немесе студент кезінде ғана шұғылданатын. Екі-үш жыл көлемінде жүйелі жаттығып, енді-енді бабына келіп, республикалық жарыстарды ұта бастаған кезінде олардың солдат болғаны әскерін тәмамдайды, студент болғанының оқуы аяқталады да, олар амалсыз күрестен қол үзіп, ауылдарына қайтып кетеді. Сөйтіп, мүмкіндігі бола тұра бүкілодақтық жарыстардан қағылатын. Көзіміз көріп жүрді, СХИ (Ауылшаруашылық институты. – Т.Ж.), АЗВИ (Алматы зооветеринарлық институты. – Т.Ж.) студенттері «Урожай» спорт қоғамы арқылы ғана КСРО біріншілігінің жолдамасын ұтатын. Бірақ, сол тұста оқулары аяқталып, күрестерін жалғастыра алмай, жан-жаққа тарап жатады. Өзге жерде, әсіресе, ауылда спортшының бабында жүруіне жағдай қайда? Құрал-жабдығы сай спорт залы, әдіс-айласын жетілдіріп отыруға «спаринг-партнері» (балуанның өзімен деңгейлес қарсыласы Т.Ж.) бар ма? Әрине, жоқ. Сондықтан аз уақытта-ақ олардың бабы бірден төмендеп, кейіннен тіпті, республика біріншілігінен аса алмай жүреді.

Ал, «Динамо» спорт қоғамының жөні бөлек. «Динамо» қоғамы ол тұста өз самбошыларын мектеп жасынан дайындауға мүмкіндік жасады. Кейін солардың ішіндегі ең таңдаулыларын жоғары оқу орнына түсуге, әскер қатарына алына қалса спорттық ротада ұстауға, одан соң да әр түрлі салада тұрақты қызмет істеуіне жәрдемдесетін. Жалпы, «Динамо» – КСРО көлемінде Ішкі істер, мемлекеттік қауіпсіздік, күзет, милиция қызметкерлерін даярлауға негізделген спорт қоғамы еді ғой. Сондықтан да осы қоғамның

жаттықтырушылары ірі жарыстарға өте көп баратын. Соның арқасында мол тәжірибе жинақтап, тұрақты түрде білімдерін көтеріп отыратын. Бірақ, ол кезде «Динамода» қазақ бапкерлері, қазақ спортшылары тым аз болды. «Динамо» спорт қоғамының сыртқа жария етпейтін, көзге көріне бермейтін өз ішкі заңы, темірдей тәртібі бар еді. Міне, «қазақтан бәрібір әлемдік деңгейде күресетін самбошы шықпайды» деген сөздің тарайтыны осы кез ғой. Менменсіген құрама бапкерлері біздің ұлдарды көпе-көрнеу шеттеткенін несіне жасырайық. Бірақ, жігіттеріміз аз жылда мұндай тосқауылдарды бұзып-жарып шыға бастады. 1976 жылы Нұрбай Жармұхаметов КСРО Кубогінде үшінші орын алды. Күресінің өзі алмас қылыштай жаркылдайтын Алмас Мұсабеков 1977 жылы КСРО чемпионатының күміс жүлдесіне алғаш рет қол жеткізді. Осыдан кейінақ, әлгі кеуде көтергендердің ауыздарына құм құйылып, қазақ самбошылары Одақ көлеміндегі бәсекелердің бас жүлдесін кезек-кезек иелене бастады емес пе.

– 1984 жылы әлем чемпионатының алтын медалін қазақтан тұңғыш иеленген Қанат Байшолақов бауырымыз екенін спортсүйер қауым жақсы біледі. Сонда самбошыларымыздың әлемдік аренадан көріне бастауы осы тұс па?

– Жок, одан бірер жыл бұрын, дәлірегі 1982 жылы сол Қанат Байшолақов пен Алмас Мұсабеков екеуі Еуропа чемпионатының күміс жүлдесін жеңіп алған. Қанат 48 келіде, Алмас 52 келіде күресуші еді ғой. Ал, Қанат алаш ұлдары арасынан алғашқы болып Мадридтен әлем чемпионы атанып оралған жылы, сол 48 келі салмақтағы Айтжан Шаңғараев Испанияда өткен Еуропа чемпионатының алтын медалін жұлып түсті ғой. Сөйтіп, қазақтан шыққан тұңғыш Еуропа чемпионы Айтжан Шаңғараев болды. Айтжан аса жеңіл

салмақтағы теңдессіз балуандардың бірі. Айтжан 1981 жылы КСРО чемпионатының жартылай финалында әлемнің екі дүркін, КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы Андрей Ходырев атты азулыны, финалдық бәсекеде Қанат Байшолақовтай қабыланды қапысын тауып ұтып, 18 жасында-ақ КСРО чемпионы атанып шыға келген. Сол жолы Алмас Мұсабеков те КСРО жеңімпазы болды. Бұл екеуі өз салмақтарында КСРО-ны мойындатқан балуандарымыздың алғашқылары. Бір ғажабы, самбошыларымыз сол тұста кілең жеңіл салмақтарда топ жарып жүрді. Айтжаннан соң Еуропа чемпиондығына Алмас Мұсабеков 1986 жылы, Қанат Байшолақов 1987 жылы қол жеткізді. Егер төрешілердің киянаты болмағанда сол 1987 жылы Талғат Байшолақов та Еуропа жеңімпазы атанар еді. Өкінішке орай, Талғатқа бұйырғаны Еуропаның күмісі ғана. Әлем чемпиондығына Қанат салған жолды 1989 жылы Асқар Шайхиев сәтімен жалғастырып, Нью-Йорктен жеңіспен оралды. Алмас Мұсабеков, Айтжан Шаңғараев, Талғат Байшолақовтар КСРО құрамасы сапында Әлем кубогі үшін бәсекеде жеңіске жетті. Бұл тамаша жетістіктердің бәрі самбоның ардагер бапкерлері Марат Жақитов, Діқанбай Биткөзов, Темірхан Досмұхамбетов сынды тәжірибелі бапкерлер төккен тердің жемісі. Ал, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, дәлірегі, 1993 жылы Бауыржан Садықанов 1993 жылы Омбыда өткен әлем чемпионатында жеңімпаз атанды. Жанат Байшолақов, Айбатыр Махмұтов, Самат Рамазанов, Ғалымжан Сапарғалиев, Зекен Шәймерденов, Сәлкен Жартыбаев, Руслан Сейілханов сынды көптеген балуандарымыз бірінен соң бірі Азия чемпионы атанды. Ол жылдары санаулы еді, қазір ғой Азия чемпионы атанғандардың санынан жаңылатын болдық. Құдайға

шүкір, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта самбошыларымыздың жарыстан жүлдесіз оралған кезі аз.

Міне, қысқарта айтқанда қазақ самбосының тарихы жоғарыдағыдай жылғалардан бастау алады. Әрине, біз қомақты-қомақты деп тапқан, онда да еске түскендеріне ғана тоқталып өттік. Есімдері аталмай қалғандары болса, ренжімес деп ойлаймын Әйтпесе, қолда бар деректің бәрін алдыма алып, жіпке тізгендей етіп, сол жылдардағы барлық балуандардың есімін атап, жетістіктерін баяндап шығуға да болады. Бірақ, оның бәрін айтсақ, оқырманымызды жалықтырып жіберетін шығармыз.

– Дұрыс айтасыз, біздің басты мақсат та сол, оқырманымызға керекті ең құнды деректерді барынша шақтап қана жеткізіп, аңгімені осы өзекті-ау деген тартымды тұстан өрбітуге күш салу ғой. Сондықтан, самбо тарихын сәл кідірте тұрып, оның болашағына қатысты ойларыңызды ортаға салуға қалай қарайсыз? Жоғарыда бұл күрестің негізін салған өзге мемлекет екендігін, және самбо көп күрестің жиынтығы екендігін өзіңіз айтып өттіңіз. Онсыз да қанша жыл Олимпиадалық ойын түрі емес деп, шетқақпай көрумен келеді. Бұл жағдай осы спорт түрін енді біршама уақытта мүлде құлдыратып жіберуі де мүмкін ғой?

– Бәрі де мүмкін. Бірақ, солай екен деп қол қусырып отыра беруге бола ма? Менің ойымша ел үшін ең керекті спорт түрінің бірі – самбо. Бұл күресті орыс мемлекеті бірнеше ғасыр іздеді. Күшті күрессіз ешқайда ұзамайтынын анық түсінді. Ақыры тапты. Қаржысын аямай төгіп жүріп күрестің ең керемет түрін жасап шықты. Уақыттың қолайлы тұсында әбден зерттеп, өте сәтті дамытты, әлемдік деңгейге көтерді. Самбоны

дүниежүзінің ешбір елі жатырқаған да, тосырқаған да жоқ. Дәл осы күні әлемнің жетпістен астам елі самбо күресін дамытып отыр.

Біле-білсеңіз, Кеңес одағы тұсында спорттың барлық түрі көптеген сала ғалымдарының тікелей араласуымен көп уақыт бойы арнайы зерттелген. Бәрінен үздік шыққаны – осы самбо.

– Самбоның үздік шыққан себебін айта аласыз ба? Ел үшін ең керекті спорт түрі дедіңіз жаңа, сонда бұл күрес не үшін керек?

– Айтқанда қандай. Андап қарасаңыз, халқы ешқашан күреспеген, яки, күресі мүлде жоқ іргелі мемлекет бар ма? Ықылым заманнан бері жұрт болып ұйысқан жердің бәрінде ең алдымен күрес дамып отырған. Себебі, адамды шындайтын күрес қой. Ал, самбоның үздік саналатын себебі, бұл қарсыласты қайтсе де жеңуге арналған күрес түрі. Адамды табандылыққа, жігерлілікке, айлакерлікке, қиыннан жол табуға машықтандырады. Ақыл-ойдың дамуына да зор әсері бар екендігі зерттеліп, дәлелденген. Сонымен қатар, мемлекеттің зиялы қауым өкілдерінің қалыптасуына ықпалы зор. Мысалы, әр мемлекет өз әскеріне уақыт ілгері жылжыған сайын қарудың аса жақсы, жетілген түрін ойлап табады немесе сатып алады. Әскери мамандары мен жауынгерлері дереу сол қарудың тілін үйреніп, меңгеріп аз мезгілде сақадай-сай болып отырады. Бұл ел қауіпсіздігі үшін жасалатын қажетті саясат. Міне, самбо сондай әскери қарудың басты түрі. Ол тозбайды, ескірмейді, керісінше жыл өткен сайын жетіліп, жаңарып отырады. Осыны біз әрдайым жадымызда ұстауымыз керек.

Сондықтан, кезінде самбо күресі мемлекет кадрларын дайындайтын спорт түрі саналды. Өрт сөндірушілерден бастап, ішкі істер қызметкерлері,

әскерилер, барлаушылар, қауіпсіздік комитеті мамандары мен шекарашылар бәрі-бәрі осы спорт түрін меңгерді. Бүтін Одақ көлемінде солай болды. Соның арқасында өте мықты кадрлар өсіп-жетілді емес пе. Бірі жерде қалған жоқ. Ең төмені әскери прапорщик, одан қалды орта мектептерде денешынықтырудан, алғашқы әскери дайындық пәндерінен сабақ берді. Сондықтан Ресей де, самбоның кәдірін, құнын білетін өзге елдер де бұл күрес түрін ешқашан жоғалтпайды. Біздің қазақша күрес секілді, Ресей де самбоны өздерінің ұлттық күресі ретінде ресми бекітті.

Әлгінде сен құлдыраудың қаупін айттың. Мен керісінше осы соңғы жылдары самбо өрлеу үстінде дер едім. Бірде теледидардан Ресей президенті Владимир Путиннің түрлі салада жүрген Ресейдің бір топ атакты азаматтарын арнайы шақырып, жүздескенін көрсетті. Араларында атакты ғалымдар, ғарышкерлер, әскери мамандар бар. Сонда ұлттың бетке ұстарлары ішінде жалғыз-ақ спортшы болды. Ол боксшы емес, басқа емес, самбошы – Федор Емельяненко. Самбо мен дзюдо кілемінде қарсылас шақ келмеген Федор қазір ережесіз жекпе-жектің саңлағы. Онымен әзірге әлемде ешкім тең келмей тұр. Міне, бұл да Ресейдің самбоға деген құрметінің бір белгісі.

Путин мырза өз беделін салып жүріп ақыры биыл, 2007 жылы Қысқы Олимпиаданы Ресейдің өткізуіне мүмкіндік алып берді. Владимир Владимірұлының тікелей атсалысуымен 2014 жылғы қысқы Олимпиада Ресейдің Сочи қаласында өтетін болды. В.Путиннің өзі самбодан, дзюдодан спорт шебері атанған адам. Сондықтан спортқа жанашырлығы өте күшті. Қазіргі екіні жаман емес. Қарқыны мықты. Самбо күресі қазір тікелей сол кісінің қамқорлығында. Егер орыстар сол қысқы Олимпиаданы жоғары деңгейде

өткізсе, келешекте сол екпінмен самбоны Олимпиада ойындары қатарына енгізіп жіберуі де әбден мүмкін деген үміт бар қазір. Міне, сол кезде кеш қалмауды бүгіннен бастап біз де қамдауымыз керек қой. Оған таңқалуға да, күмәндануға да еш негіз жоқ. Самбо – Ресейде студенттер спартакиадасына енді. Оқушылар арасында түрлі жарыстар өтіп жатыр. Мәселен, Еуразия бәсекесінің бағдарламасына көп спорт түрі енген жоқ, бірақ, сол бағдарламада самбо бар.

Біз іргелес отырғандықтан көрші мемлекеттің әр саладағы қадамына назар аударып, мейілінше мән беріп отыруымыз керек. Мәселен, Мәскеудегі жалғыз ғана «Самбо-70» спорт мектебінде алты мыңға жуық оқушы бар екен. Бұл дегеніңіз, жыл сайын көшеден мыңдаған баланы спортзалға тұрақты тартып тұрады деген сөз. Керемет қой. Бір қаланың жалғыз арнаулы спорт мектебінің жұмысы осындай, ал, бұл елде жүздеген қала және сол қалаларда қанша самбо мектептері бар? Біз бұған немқұрайды қарауға тиіс емеспіз. Біздің елдің алдында да осы күрес түрін бұрынғыдай дамыту, жетілдіру міндеті тұр. Бұл самбо – орыстың басты қаруы. Ал, бейбіт заманда қаруын қараусыз қалдырған елдің оңбай опық жейтіні әлмисактан белгілі. Наполеннан қалды дейтін мынадай нақыл бар: «Өз әскеріңді қадірлемесен, өзгенің әскерін тамақтандыруға тура келеді», деген. Бұл түсінгенге керемет нақыл. Сондықтан бұл күресті орыспен көрші отырғандықтан біздің де жақсы меңгеріп, солармен деңгейлес болуымыз аса қажет. Мықты самбошыны бір-екі жылда ешкім дайындап шығара алмайды, оған қазіргі кезеңде кемінде жеті-сегіз жыл керек. Аз ғана дайындықта үлкен нәтиже жоқ.

Спорт тізгінін Дәулет Тұрлықанов ұстап тұрғанда обалы нешік, облыстардағы ДЮСШ-ларда (балалар

мен жасөспірімдердің спорт мектебі. Т.Ж.) самбоны қайта ашу жөнінде нұсқауларды беруін берді-ақ, әттең не керек, сол нұсқауды орындаушылар керенаулықтан арылмады. Бұрын орта мектептерде самбо секциялары жұмыс істеді, училище, техникумдардан талантты балалар таңдауға мүмкіндік мол еді. Орта мектептер, студенттер арасында өткізілетін спартакиадалар қандай жақсы балуандарға жол ашты. Осындайда бардың жоқ болғанына қынжыласың. Егер соны қайта дамытамыз десек, әлі де кеш емес. Бір жақсысы, біздің елде самбоның мықты бапкерлері жетіп жатыр. Бұл бастама орта мектептердің өзінде ғана қолға алынса да жаман болмас еді. Отанды қорғайтын қашан да қайратты жауынгер, ал, ертеңгі жауынгерлеріміз бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген ұлдарымыз екендігін жадымыздан неге шығарамыз? Бұл күрес кісіге бас шұлғуды, бас июді емес, тек женуді үйретеді.

Күрестің қажеттілігі туралы тағы бір дәлел – біздің еліміздің өзінде балуан болғандардың осалы бар ма? Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі боз кілемде бақ сынаған. Қазіргі зиялы қауым өкілдерінің ішінде тек самбомен айналысып, шыныққандарының өзін санап тауыса алмайсың. Бұл күрестің дәмін талай атақты адамдар татып көрген. Сол азаматтар самбо кілемінде жүріп жігерлі, қажырлы болудың не екенін ұғынды. Адамда қайрат-күш болмаса, денсаулығы болмаса, оның білімінен, ғалымдығынан не пайда?

– Егер самбо күресі Олимпиада ойындарына енгізіле қалса, онда алғашқыда Ресейдің асығы ашысынан түсіп, өзге мемлекеттердің үлесі кемдеу соғатынын аңғарып отырмыз. Бұл елден өзге самбоны жақсы дамытып отырған, балуандары мықты мемлекеттер туралы не айтар едіңіз?

– Рас, салмақтай қарасак, қазіргі кезде орыс самбошылары дүниежүзінде алдыңғы орында. Егер Олимпиадада самбо бәсекесі өте қалса, ресейліктер қазіргідей тоғыз алтын медальді сыпырып кетеді деп кесіп айту қиын. Спорты өте күшті дамыған Еуропа тұр. Күншығыста бүгіннің өзінде алып Ресеймен самбода үзеңгілес келе жатқан Моңғолия бар. Қытайдың өзі Олимпиада десе, барын салады. Миллиардтан астам халықтың ішінде кімдер жоқ дейсің, шеттен күшті балуан, білікті бапкер шақырып дайындаса, жүлдеге ілігетіні анық.

Азияда самбоның мықты мектебі Моңғолияда сақталып қалған. Өзге мемлекеттер самбо жүйелі түрде дами алмады. Өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен ағайындар үлкен жарыстардан қалмайды. Бірақ, самбоны мықтап дамыта алмай отыр. Өзбектің ауыл-қалалары бір-біріне өте жақын, өздері еңбекқор халық, соның арқасында бізбен үзеңгі қағыстырып қалатын кездері болады. Оның үстіне халқының саны бізден әлдеқайда көп. Соған карамастан Орталық Азиядағы мықты құрама бізде. Әлем, Азия чемпионаттарында өзбек ағайындарға дес бермей келеміз.

2007 жылы Азия чемпионатына жиырма шақты мемлекет өкілдері қатысты. Бірақ, шындығын айту керек, көп елдің балуандары әлсіз, жыл өткен сайын деңгей төмендеп барады. Азия бәйгесіне Ресейдің шығыс жағындағы облыстардан спортшылар келіп жүр. Болашақта олар, екіге бөліне бермейміз деп, Азияға қатыспай қоюлары әбден мүмкін. Өсу үшін, деңгейімізді көтеруіміз үшін біздің де Еуропада бақ сынағымыз келеді. Егер, Еуропаға есек, Грузия, Армения, Әзірбайжан, бүкіл Балтық жағалауы мен Франция бар, күресіміз қатты дамитын еді ғой. Бірақ,